



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 322 «12» қыркүйек 2018 жыл

Таскала ауылы

село Таскала

**Білім саласындағы мемлекеттік
көрсетілетін қызметтер жұмысын
орындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» № 983 қаулысын басшылыққа алып, Білім және ғылым министрлігімен бекітілген мемлекеттік қызметтер стандартарын, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулыларымен бекітілген мемлекеттік қызметтер регламенттерін орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім бөліміне қатысты мемлекеттік қызметтерді орындау жұмысы:

1) «Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру» - білім бөлімінің бас маманы Г.Батыргалиеваға;

2) «Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға), қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу» - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға;

3) «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» - мектеп басшыларына;

4) «Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» - мектеп басшыларына;

5) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» - мектеп басшыларына;

6) «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» - мектеп басшыларына;

000322

7) «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» - мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілеріне, мектеп басшыларына;

8) «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» - қосымша білім беру ұйымдарының директорларына;

9) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» - мектеп басшыларына;

10) «Кәмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру» - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға;

11) «Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру» - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға;

12) «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» - білім бөлімінің әдіскері А.Панфиловаға;

13) «Кәмелетке толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелетке толмаған балаларға мұра ресімдеу үшін анықтамалар беру» - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға;

14) «Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) және жетім баланы (жетім балаларды) асырауға қамқоршысына немесе қорғаншысына жәрдемақы тағайындау» - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға;

15) «Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау» - ұйым басшыларына;

16) «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру» - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға;

17) «Патронаттық тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп ұстау үшін жәрдемақы тағайындау» - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға;

18) «Балаларды асырап алуға ниет білдірген тұлғалады есепке қою» - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға;

19) «Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау» - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға;

20) «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау – білім бөлімінің бас маманы Г.Батыргалиеваға;

21) «Үздік педагог» атағын беру конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау» - әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Л.Габбасоваға;

22) Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау – білім бөлімінің әдіскері А.Панфиловаға;

23) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру

бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау - білім бөлімінің әдіскері А.Панфиловаға, білім беру ұйымдарының басшыларына;

24) Балаға кере әсере ететін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуге рұқсат беру - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға;

25) Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау - білім бөлімінің әдіскері А.Ялпаковаға жүктелсін.

2. Мекеме басшылары:

2.1. Мемлекеттік қызметтер бойынша апталық есептерді (өткен аптаның бейсенбі күнінен ағымдағы аптаның сәрсенбі күнін қосып) әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00-ге дейін білім бөліміне тапсырсын.

2.2. Мемлекеттік қызметтер бойынша айлық есептерді әр айдың соңғы күндері білім бөліміне тапсырсын.

2.3. Мемлекеттік қызметтерді орындау жұмысын ұйымдастыру бойынша бұйрықтарды шығарып, жауаптыларды тағайындасын.

2.4. Мемлекеттік қызметтер тұтынушылардың мемлекеттік қызметтердің тәртібі жөніндегі ақпараттық қолжетімділігін қамтамсыз ету мақсатында стендер жасақталсын.

3. Білім бөлімі бойынша есептерді жинақтау және аудан әкімдігіне тапсыру жұмысы білім бөлімінің бас маманы Д.Хаироваға жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлшімінің бас маманы Д.Хаироваға жүктелсін.

Білім бөлімінің басшысы



А.Нарымбаев